

Ленин жүзі

ҚН(б)П СӨЛТҮСТІН ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕНШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚН(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№163 (8023)

Жексенбі 19 август 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Және саны 20 тыйын

Сталиндік авиация күні

Бұл күнді даңқты ұшқыштарымыз Гитлер Германиясы талқандап, Советтік Отанымыз тарихи ұлы жеңіске жеткен жағдайда мерекелеп отыр.

Совет ұшқыштары өздерінің мереке күнін бйығы өткен жылдардағыдан басқаша жағдайда, елімізде бейбітшілікпен даму дәуірі басталған жағдайда өткізіп отыр. Совет авиациясы жауды біржолата жеңу ісіне зор үлес қосты. Ең күшті, ең зұлым жауға қарсы төрт жылғы жойқын соғыста совет авиациясы шынығып, бұл күресте өзінің дүние жүзіндегі ең қуатты авиация екендігін көрсетті, сөйтіп сыннан мүдірмей өтті.

Даңқты совет авиациясының Сталинград түбіндегі тарихи ұрыстардан бастап, барлық ұрыстарда жау авиациясынан өнері басым болды. Авиациямыз Орел, Белград үшін болған ұрыстарда, Украинадағы, Белоруссиядағы, Крымдағы, Ленинград іргесіндегі жойқын ұрыстарда әуеде үстемдік құрды. Совет авиациясы жаудың үңгірінде болған ұрыстарда өзінің тегеуірінді күшін бүкіл әлем алдында көрсетті.

«Бүкіл Қызыл Армиямен бірге совет авиациясы неміс-фашист басқыншыларға қарсы сұранып қатты күрес жүргізіп, құшпанның адам күші мен техникасына оның ту сырты мен қатынас жолдарына күйрете соққы беруде» — деді Сталин жолдас өзінің 1944 жылғы 20 августағы бұйрығында.

Авиациямыздың соғыс жылдарында Отан алдында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Өзе-соғыс флотымыз жауды орасан көп шығынға ұшыратып, оған ойсырата соққылар беріп отырды. Авиациямыз жауға бомбалар жаудырып, пулеметтер мен зең

көптеген самолет беріп, соғыс кезінде продукция өнімін үш есе арттырды. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің қажырлы еңбегі, еліміздің авиация өнеріне жетілген шебер конструкторларының жаңалықтары Отан соғысы майдандарында неміс авиациясынан үстем болуымызға жеткізді.

Совет самолеттерінің әуеде ұшу әдісі және жауынгерлік сапасы жаудың самолеттерінен әлде қайда артық болды.

Соғыс жылдарында конструкторларымыз жаңадан авиация моторларын, зеңбіректерін, пулеметтерін, бомбаларын, жарақ-жабдықтарын ойлап шығарып, тарихи жеңісімізге зор үлес қосты.

Соғыс жылдарында Қызыл Армия он мыңдаған батыр және шебер ұшқыштар тәрбиелеп шығарды. Соғыстың қиын кезінде совет ұшқыштары шынығып, әуеде ұрыс қыймылдарын жүргізудің алуан түрлі өнерін үйренді.

Совет авиациясы жауға тыным бермей, оған күндіз-түні бірдей қыйрата соққы берді. Алысқа ұшатын аса қуатты самолеттеріміз жаудың темір жол тораптарын, соғыс орындары мен аэродромдарын бомбалды. Алысқа ұшатын бомбашыларымыз Берлинді, Кенигсбергті, Данцигті, Германияның тағы басқа өнеркәсіп орталықтары мен темір жол тораптарын бомбалды.

Отанымыз авиациямыздың даңқты істерін жоғары бағалады. Ондаған авиация бөлімдері мен құрамалары гвардия туын алып, он мыңдаған ұшқыштар ордендерімен және медалдармен наградталды. жүздеген ұшқыштарымызға Советтер Одағының Батыры деген даңқты атақ, ал даң-

Советтер Одағының барлық колхозшыларына, колхозшы әйелдеріне, МТС және совхоз жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының барлық мамандарына

Ростов облысының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің Үндеуі

Қымбатты жолдастар!

Біздің айбынды Қызыл Армия кеменгер Сталиннің басшылығы арқасында жексұрын жауды талқандап, неміс-фашист қарақшыларын күйретті. Бұл жеңіске Советтер Одағының барлық халықтарының Қызыл Армияға көмектесіп, оның күшін нығайтуы арқасында қол жетті. Ұлы Отан соғысы жылдарында колхоз құрлысы Отан алдында борышты болып қалған жоқ. Барлық совет халқы емяқты Дон казактары мен казак әйелдері де Қызыл Армия мен қала халқын азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен қамтамасыз ету жолында аяпбай еңбек істеді.

Қазір колхозды Донға, біздің туған станицаларымыз бен үйлерімізге жеңімпаз жауынгерлер қайтып келіп жатыр. Олар қазналы Дон жерінде егін пісіп, бітік егінді өру жұмысы басталған кезде келуде. Біз өздеріміздің балаларымызды, ерлерімізді және әкелерімізді зор қуанышпен қарсы алып, барлық совет халқымен бірге жеңісті ұйымдастырушы әкеміз және казак колхозшыларының әкесі және досы — кеменгер Сталинге шексіз алғыс айтамыз.

Енді, соғыс аяқталғанда, біздің еліміз бейбіт құралыс дәуіріне кірісті. Біздің алдымызға — елімізге соғыс және оккупация түсірген жараны тезірек жазу, Ота-

Бүгін — Сталиндік авиация күні.

„Жауға қарсы әуе ұрыстарында ұшқыштарымыз тамаша ерлік, батырлық және қаһармандық, ал командирлеріміз бен бастыларымыз әуе ұрыс қыймылдарына басшылық етуде әдіс және әскери шеберлік көрсетті“

И. СТАЛИН



жұмысшылары, селолардың, станицалар мен қыстақтардың барлық еңбекшілері егінді тез және ысрапсыз жыйнап алуға, колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызы — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауға барлық шараларды қолданып отырмыз. Біз өзімізге мынадай міндеттемелер аламыз:

1. 15 октябрьге дейін астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын толық орындаймыз, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жөнінде толық есеп айырысамыз. Бұл үшін әрбір колхоз бен совхозда астық бастыру және астық тасарту жұмыстарын тәулік бойына ұйымдастырамыз, дайындау орындарына астық тасу үшін арнаулы тасымал бригадаларын құрамыз.

2. Біз күзгі егісті өткізу үшін ойдағы дай әзірленуге және оны жақсы өңделген жерге егіп, сапалы тұқым сеуіп, агротехникалық жоғарғы дәрежеде өткізуге міндеттенеміз.

Астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау және күзгі егісті жақсы өткізу жөнінде социалистік міндеттемелер ала отырып, біз аудандардың, колхоздардың, МТСар мен совхоздардың өзара социалистік жарысын ұйымдастыруға, Отанымыздың барлық колхозшы шаруаларын бізден үлгі алуға шақырамыз.

Қымбатты жолдастар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС және сов-

қыштарымыз тамаша ерлік, батырлық және қаһармандық, ал командирлеріміз бен бастықтарымыз әуе ұрыс қыймылдарына басшылық етуге әдіс және әскери шеберлік көрсетті». (Сталин).

Халқымыз елімізде авиацияны дамыту ісіне ерекше назар аударды. Партия мен үкметіміз, Сталин жолдастың өзі Ұлы Отан соғысынан бұрынғы кездерде де, соғыс уақытында да елімізде авиацияны нығайту ісіне ерекше көңіл бөліп отырды. Соның нәтижесінде совет авиациясы өзінің өнері мен күш-қуаты жағынан Европадағы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің авиациясынан үздік шықты.

Пілдершіл шапқыншылар аэродромдарымыз бен авиация дивизияларымызға тұтқыйылдан тап беріп, советтің әуе флотын әлсіретуге тырысты. Немістер «қауырт» соғыс жүргізіп, совет өнеркәсібі әлсірейді деп дәмеленді.

Жаудың арам ниеті іске аспады. Олар әуе күшімізді кеміте алмады. Советтің авиация өнеркәсібінің күшін әлсіретіте алмады. Дер кезінде Шығысқа көшірілген өнеркәсібіміз майданға ай сайын

ұрыстарда да өзінің алып күшін көрсетті. Авиациямыз даңдайсыған жапон шапқыншыларының алтынғын басып, қарулы күштеріміз алдында оны сөзсіз тізе бүгуге мәжбүр етті.

Жапон шапқыншыларын талқандау үшін болып жатқан соғыста да ұшқыштарымыз совет авиациясының даңқты дәстүріне кіршік шалдырмай, батырлық пен ерліктің нөлдеріне гажал үлгісін көрсетуде. Тынық мұхит ұшқышы Михаил Янко әуе ұрыстарының бірінде капитан Гастеллоның ерлік ісін қайталап, өшпес заңға бөленді.

Халқымыз совет авиациясын—Сталиндік авиация деп атайды. Өйткені совет авиациясын Сталин жолдас ұйымдастырып өсірді. Сталин жолдас сан мыңдаған қызыл сұңқарларымызды ұядан қыяға ұшырды.

Бүкіл халқымыз өзінің бел баласы—авиациямыздың күш-қуатын неғұрлым нығайта беру үшін күш-жігер жұмсайды.

Еліміздің даңқын арттырған Отанымыздың қызыл сұңқарларының даңқы арта берсін!

Совет Хабаршы бюросынан

17 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

17 августа Қыйыр Шығыста совет әскерлері бұрынғы бағыттарда ұрыс жүргізуде болды.

БІРІНШІ ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері БОЛИ, НИНГУТА, ТУМЫНЬ қалаларын алды.

ЕКІНШІ ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері СУНГАРИ өзенінің екі жақ жағалауында ұрыстар жүргізді және ЦЗЯМУСЫ қаласының батыс жағына қарай 20 километрдей алға басты. Мұнымен қатар, майдан әскерлері БЛАГОВЕЩЕНСКИНІң оңтүстік жағында СУЧЖАНЬ қаласын алды.

ЗАБАЙНАЛ майданының әскерлері УДАНЬЧЭН, ЧИФЫН, КАЙЛУ, ТУНЛЯО, КАЙТУН, БУХЭДУ және ЧЖАЛАНЬТУНЬ қалаларын алды.

Майданның кейбір учаскелерінде жапон әскерлері қолға беріле бастады. 17 август күні әскерлеріміз дұшпанның 20 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Тынық мұхит ұшқышы Михаил Янконың ерлік ісі

Бір топ штурманшылардың ішінен шығып, ұшқыш Михаил Янко жаудың портындағы жапондардың транспорттарына атака жасады. Машинамыз жауынгерлік санарға шыққанда оған жапондардың бір топ истребительдері тап берді. Жаудың зенит зеңбіреті нәсерлесте оқ жаудырды. Янконың самолетіне жаудың бірнеше снаряды тиіп, оның бомбалары тасталған жоқ еді. Ұшқышымыз машинаны аман сақтап қалуға болмайтындығын біліп, оны порттағы ең үлкен үй электр станциясына қарай беттеді.

Янконың самоләті қызыл жалынға бөленіп, электр станциясының үстіне құлағанын оның жолдастары көріп тұрды. Қатты азыра болды. Өрт жалыны аспанға көтерілді.

Портты алғаннан кейін теңізшілеріміз өртенген самолеттің қалдықтары және күйген әлікті көрді. Янконың комбинизоны оны солжак калтасынан өртенген және қанға болған комсомол билеті мен сенім қағаз табыады.

Михаил Янко Гастеллоның ерлік ісін қайталап, өзін өшпес даңққа бөледі. Теңізшілеріміз батырды жауынгерлік дәстүр мен жерлеп, оның бейіті жанында жаудың көк алуға ант берді. Бейіттің үстіне самолет мәнері орнатылды. Тынық мұхитшылар комсомол мүшесі даңқты қырап Михаил Янконы мәңгі ұмытпайды.

Капитан А. КУЛЬКОВ,

ТЫНЫҚ МҰХИТ ФЛОТЫ, 17 август.
(ТАСС-тың арнаулы тілшісі).

мәзді азық-түлікпен, шикі затпен, ең адымен астықпен қамтамасыз ету саяси-шаруашылық ең маңызды міндеттердің бірі екендігін атап көрсетті. неміс басқыншылары талқандаған өнер кәсіпті, транспортты, қалалар мен селоларды тезірек қалпына келтіру және халықтың әл-ауқат дәрежесін күннен-күнге жақсарту бұл міндетті ойдағыдай орындауға байланысты екендігі біздің бәрімізге мәлім.

Қазір ауыл шаруашылығындағы ең маңызды, ең жауапты кезең—егін жыйнау және астық дайындау мерзімі басталды. Біз Советтік Дниның колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС және совхоз

фабрикаларының бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Қазір, бейбіт еңбек күндерінде біздің әрқайсымыз анамыз—Отанымыз алдындағы борышымызды аброймен орындаймыз.

Біздің жеңімпаз Отанымыз жасасын! Біздің даңқты Ленин—Сталин партиясы және Совет Үкметі жасасын!

Кемеңгер қолбасшы—көсеміміз, әкеміз және досымыз Сталин жолдас жасасын!

Бұл үндеу Ростов облысының барлық колхоздарында, совхоздары мен МТС-тарында талқыланып, қабылданған.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінде

Қазақтың ақыл-ойшы кемеңгер ақыны Абай (Ыбраһім) Құнанбаевты мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақ халқының ақыл-ойшы кемеңгер ақыны Абай (Ыбраһім) Құнанбаевтың туғанына жүз жыл толуы хұрметіне, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. 1946 жылы Алматы қаласында Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатылсын.

2. Әдебиет пен көркем өнердегі асқан көрнекті шығармалар үшін Абай Құнанбаевтың атына үш сыйлық тағайындалсын:

Бірінші сыйлық—25000 сом.

Екінші сыйлық—15000 сом және үшінші сыйлық—10000 сом.

3. Абай атындағы сыйлықты берудің мынадай тәртібі белгіленсін:

а) Абай атындағы сыйлықты алу үшін жазылған шығармаларды Қазақ ССР совет жазушыларының Одағы мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы көркем өнер істері жөніндегі Басқарма 1 июльге дейін тапсырады;

б) Абай атындағы сыйлықты беру туралы қаулыны Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанында құрылған арнаулы комиссия шығарады, сөйтіп ол жыл сайын 10 августа баспа сөз бетінде жарияланады.

4. Мыналар Абайдың есімінен аталсын: а) Қазақтың Мемлекеттік Академиялық опера және балет театры;

б) Семейдің облыстық қазақ музыкалы-драма театры;

в) Батыс Қазақстан облыстық музыкалы-драма театры;

г) Қарағандының Қарқаралы қаласын-

дағы педагогикалық училищесі;

д) Алматы облысының Қаскелең ауданындағы Қаскелең қазақ орта мектебі.

5. Абай атында мынадай стипендиялар тағайындалсын:

а) Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінде—әрқайсысы 400 сомнан екі стипендия;

б) Алматының Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтында—әрқайсысы 400 сом мөлшерінде екі стипендия;

в) Семейдің Абай атындағы педагогикалық училищесінде—әрқайсысы 300 сом мөлшерінде екі стипендия;

г) Қарқаралының Абай атындағы педагогикалық училищесінде—әрқайсысы 300 сомнан екі стипендия.

6. Абайдың мына ұрпақтарына дербес жәрдем тағайындалсын:

а) Абайдың немересі Ақылбаев Назарбайға өмір бойына айына 500 сом;

б) Абайдың шөбересі Жағдарова Гәзәлге оқуын бітіргенге дейін айына 400 сом;

в) Абайдың немересі Жақыпова Уәсипаға өмір бойына айына 500 сом;

г) Абайдың немересі Оразбаева Ақияға (Ақын) өмір бойына 500 сом;

д) Абайдың ұлы Әубәкірдің жамағаты Оспанова Кәмәлиға өмір бойына айына 500 сом;

е) Абайдың келіні Ысқақова Бибиге өмір бойына айына 500 сом.

7. ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінен осы қаулының 5-пункті бекіту сұралсын.

ТАҢДАУЛЫ ТАУ ШАҢҒЫШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЙЫНЫ

Дзеджикаудә еліміздің таңдаулы тау шаңғышыларының жыйыны болып өтті. Жыйынан соң шаңғышылардың тау жотасынан түсу жөнінде жарысы болды. Жарыс Қазбек тауларының жотасында

үш километр қашықтыққа өткізілді. Спорт шебері Мауэр бұл қашықтықты екі минут 25 секундта жүріп, бірінші орын алды.

(ТАСС).

қазақ халқының дауышпан ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл толуын мерекелеу 15 августа, Қазақ ССР Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында. Республикалық мереке Комитетінің жер-жерден келген қонақтар және астана жұртшылығының өкілдері қатысқан салтанатты мәжіліспен басталды.

Салтанатты мәжілісті мереке Комитетінің председатели, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің Председатели Н. Оңдасынов жолдас ашты. Оңдасынов жолдас қысқаша сөз сөйлеп, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы Абайдың творчествосын, оның әлеумет қызметін—орыстың революцияшыл-демократтарының озат идеяларымен тәрбиеленген ақыл-ой иесінің қызметін баяндады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің үгіт-нәсихат жөніндегі секретарі М. Әбіқалыков жолдас «Абай—қазақ халқының ұлы ақыны және ақыл-ойшы кемеңгері деген тақырыпта баяндама жасады.

Әбіқалыков жолдас Абайдың қазақ әдебиетінен алатын орны, оның творчествосына нәр берген негіздер жөнінде, Абайдың дүниеге көзқарасын жетілдіруде орыс әдебиеті мен орыстың революцияшыл-демократтарының қандай маңызы болғандығы туралы талдап айтты.

Баяндамашы орыс және Батыс Европа жазушыларының өлеңдері мен кара сөздерін аударушы Абайдың істеген қызметі, біздің заманымызда, совет халқы дүние жүзілік тарихи жеңістерге жеткен күндерде Абайдың маңызы жөнінде талдап тоқталды.

Бұдан кейін жазушылар, көркем өнер мен ғылым қайраткерлері бірінен соң бірі шығып сөз сөйледі.

Бірінші сөзді ССРО совет жазушылары Одағы Басқармасының өкілі, Горький атындағы дүние жүзілік әдебиет институтының профессоры Кирпотин бастады. Ол өзінің сөзінде Абай Құнанбайұлының ақындық жолдарын ынабаттай келіп, ұлы орыс халқы мен қазақ еңбекшілерінің ежелден тату-тәтті екендігін ақынның қаламынан шыққан еңбектерімен, мысалдармен дәлелдеді. Абай шығармалары со

СЕРГЕЙ ЛАЗОҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

Владивосток қаласында халық батыры Қыйыр Шығыстағы партизан қозғалысының басшысы Сергей Лазоға ескерткіш орнатуға арналған салтанатты мәжіліс болып өтті. Ескерткіш ашу мәжілісіне

СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Жақын арада КБ(б)П Мамлют аудандық комитеті колхоз, совхоз МТС бастауыш партия ұйымдарының секретарлары үшін бескүндік семинар өткізді. Семинарға қатысушыларға арнап, мол

естік көркем өнердің мол қазнасына сыйлаған айтты. Ақын өмірін, оның қызметтерін толық зерттеудің екендігін, бұл жөнінде әдебиет тау зерттеушілердің алдында зор міндет тұрғандығын атап көрсетті Кирпотин дас.

Бұдан кейін Өзбек ССР Ғылым академиясының академигі, жазушы Гафур Гулам сөз сөйледі. Ол өзбек тілінде сөйлеп: «Қазақ еңбекшілеріне өзбек халық сөлемі—деп бастады ол сөзін.

Гафур Гулам өзінің сөзінде Абайдың дауышпан ақын екендігін айтты. Оның таңдамалы өлеңдерінен үзінділерді оқыды. Сөзінің аяғында Гафур Абай шығармаларының өзбек тіліне аударылып, көп таралып жатқандығын білдірді. Өзбек халқының Абай мерекесіне нағыз тартуы деп Абай өлеңдерінің тіліндегі жыйнағын ұсынды. Мәжіліс өзбек халқының бұл тартуын ризалық білдіріп, қол шапалақтады.

ССРО Ғылым Академиясының мен Фиданының ғылыми секретарі Лазо жолдас сөйлеп, ұлт әдебиетінің дауыры түсында өркендей түскендігін айтты. Ол өзінің сөзінде түркмен көркем әдебиетінің даму жолдарымен танысты. Түркмен еңбекшілерінің Абайдың тейтіндігін білдірді.

Халық ақыны Партайға сөз сөйлеп: «Ол сырнайға қосылып, опера театры залында шырқап ән салды. Халық ақындарының Абайдай терең, ұлы ақынды хұрметтейтіндігінің білдірісі деп ол Қызылорда кілемшілерінің туыс ұсынды.

Салтанатты мәжіліс кемеңгер көркем өнер мен ғылым қайраткерлері бірінен соң бірі шығып сөз сөйледі.

Мәжіліс соңында үлкен концерт болды. Концертке астаналық ең таңдаулы әншілер қатысты. Олар Абайдың өлеңдерінен үзінділер айтты. Бердізигор Жұбановтың басқаруындағы оркестрінің Абай өлеңдерін шеберлікпен орындағанын мәжілісегілер қызығанды.

(ҚазТ)

мыңдаған еңбекшілер қатысты. Салтанатты мәжілісте Приморье өлкелік атқару органдарының председатели Блоцаненко сөз сөйледі.

(ТАСС)

егінді ырақсыз жыйнап алу, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және т.б. жұмыстарының міндеті жөнінде лекциялар оқылды.

3. МЫНБАЕ

«Халық қарсы әуе ұрыстарында ұшқыштарымыз тамаша ерлік, батырлық және қаһармандық ал командирлеріміз бен бастықтарымыз әуе ұрыс қыймылдарына басшылық етуде әдіс және әскери шеберлік көрсетті». (Сталин).

Халқымыз елімізде авиацияны дамыту ісіне ерекше назар аударды. Партия мен үкіметіміз, Сталин жолдастың өзі Ұлы Отан соғысынан бұрынғы кездерде де, соғыс уақытында да елімізде авиацияны ығыайту ісіне ерекше көңіл бөліп отырды. Соның нәтижесінде совет авиациясы өзінің өнері мен күш-қуаты жағынан Европадағы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің авиациясынан үздік шықты.

Гитлершіл шапқыншылар аэродромдарымыз бен авиация дивизияларымызға тұтқыйындан тап берін, советтің әуе флотын әлсіретуге тырысты. Немістер «қауыр» соғыс жүргізіп, совет өнеркәсібі әлсірейді деп дәмеленді.

Жаудың арам иреті іске аспады. Олар әуе күшімізді кеміте алмады. Советтің авиация өнеркәсібінің күшін әлсірете алмады. Дер кезінде Шығысқа көшірілген өнеркәсібіміз майданға ай сайын

ұрыстарда да өзінің алып күшін көрсетті. Авиациямыз даңдайсыған жапон шапқыншыларының алтығын басып, қарулы күштеріміз алдында оны сөзсіз тізе бүгуге мәжбүр етті.

Жапон шапқыншыларын талқандау үшін болып жатқан соғыста да ұшқыштарымыз совет авиациясының даңқты дәстүріне кіршік шалдырмай, батырлық пен ерліктің нелер гажан үлгісін көрсетуде. Тынық мұхит ұшқышы Михаил Янко әуе ұрыстарының бірінде капитан Гастеллоның ерлік ісін қайталап, өшпес заңқа бөленді.

Халқымыз совет авиациясын—Сталиндік авиация деп атайды. Өйткені совет авиациясын Сталин жолдас ұйымдастырып өсірді. Сталин жолдас сан мыңдаған қызыл сұңқарларымызды ұядан қыяға ұшырды.

Бүкіл халқымыз өзінің бел баласы — авиациямыздың күш-қуатын неғұрлым ығыайта беру үшін күш-жігер жұмсайды.

Еліміздің даңқын арттырған Отанымыздың қызыл сұңқарларының даңқы арта берсін!

Совет Хабаршы бюросынан

17 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

17 августа Қыйыр Шығыста совет әскерлері бұрынғы бағыттарда ұрыс жүргізуде болды.

БІРІНШІ ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері БОЛИ, НИНГУТА, ТУМЫНЬ қалаларын алды.

ЕНІНШІ ҚЫЙЫР ШЫҒЫС майданының әскерлері СУНГАРИ өзенінің ені маң жағалауында ұрыстар жүргізді және ЦЗЯМУСЫ қаласының батыс жағына қарай 20 километрдей алға басты. Мұнымен қатар, майдан әскерлері БЛАГОВЕЩЕНСКИНІң оңтүстік жағында СУЧЖАНЬ қаласын алды.

ЗАБАЙНАЛ майданының әскерлері УДАНЬЧЭН, ЧИФЫН, НАЙЛУ, ТУНЛЯО, КАЙТУН, БУХЭДУ және ЧЖАЛАНЬТУНЬ қалаларын алды.

Майданның кейбір учаскелерінде жапон әскерлері қолға беріле бастады. 17 август күні әскерлеріміз дұшпанның 20 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Тынық мұхит ұшқышы Михаил Янконың ерлік ісі

Бір топ штурмашылардың ішінен шығып, ұшқыш Михаил Янко жаудың порттындағы жапондардың транспорттарына атака жасады. Машинамыз жауынгерлік санарға шықпада оған жапондардың бір топ истребительдері тап берді. Жаудың зенит зеңбіреті нәсерлете оқ жаудырды. Янконың самолетіне жаудың бірнеше снаряды тиіп, оның бомбалары тасталған жоқ еді. Ұшқышымыз машинаны аман сақтап қалуға болмайтындығын біліп, оны порттағы ең үлкен үй электр станциясына қарай беттеді.

Янконың самолөті қызыл жалынға бөленіп, электр станциясының үстіне кұлағанын оның жолдастары көріп тұрды. Батты взрыв болды. Өрт жалыны аспанға көтерілді.

Портты алғаннан кейін теңізшілеріміз өртенген самолеттің қалдықтары және күйген өлікті көрді. Янконың комбинизонының сол жақ қалтасынан өртенген және қанға боялған комсомол билеті мен сенім қағаз табылды.

Михаил Янко Гастеллоның ерлік ісін қайталап, өзін өшпес даңққа бөледі. Теңізшілеріміз батырды жауынгерлік дәстүр мен жерлен, оның бейіті жанында жаудың кек алуға ант берді. Бейіттің үстіне самолет мәнері орнатылды. Тынық мұхитшылар комсомол мүшесі даңқты қырап Михаил Янконы мәңгі ұмытпайды.

Капитан А. КУЛЬКОВ,

ТЫНЫҚ МҰХИТ ФЛОТЫ, 17 август.
(ТАСС-тың арнаулы тілшісі).

мізді азық-түлікпен, шикі затпен ең алдымен астықпен қамтамасыз ету саяси-шаруашылық ең маңызды міндеттердің бірі екендігін атап көрсетті. неміс басқыншылары талқандаған өнер кәсіпті, транспортты, қалалар мен селоларды тезірек қалпына келтіру және халықтың әл-ауқат дәрежесін күннен-күнге жақсарту бұл міндетті ойдағыдай орындауға байланысты екендігі біздің бәрімізге мәлім.

Қазір ауыл шаруашылығындағы ең маңызды, ең жауапты кезең—егін жыйнау және астық дайындау мерзімі басталды. Біз Советтік Донның колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС және совхоз

фабрикаларының бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Қазір, бейбіт еңбек күндерінде біздің әрқайсымыз анамыз—Отанымыз алдындағы борышымызды аброймен орындаймыз.

Біздің жеңімпаз Отанымыз жасасын! Біздің даңқты Ленин—Сталин партиясы және Совет Үкметі жасасын!

Кеменгер қозбасшы—көсеміміз, әкеміз және досымыз Сталин жолдас жасасын!

Бұл үндеу Ростов облысының барлық колхоздарында, совхоздары мен МТС-тарында талқыланып, қабылданған.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінде

Қазақтың ақыл-ойшы көмеңгер ақыны Абай (Ыбраһім) Құнанбаевты мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақ халқының ақыл-ойшы көмеңгер ақыны Абай (Ыбраһім) Құнанбаевтың туғанына жүз жыл толуы хұрметіне, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. 1946 жылы Алматы қаласында Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатылсын.

2. Әдебиет пен көркем өнердегі асқан көрнекті шығармалар үшін Абай Құнанбаевтың атына үш сыйлық тағайындалсын:

Бірінші сыйлық—25000 сом.

Екінші сыйлық—15000 сом және үшінші сыйлық—10000 сом.

3. Абай атындағы сыйлықты берудің мынадай тәртібі белгіленсін:

а) Абай атындағы сыйлықты алу үшін жазылған шығармаларды Қазақ ССР совет жазушыларының Одағы мен Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жапындағы көркем өнер істері жөніндегі Басқарма 1 июльге дейін тапсырады;

б) Абай атындағы сыйлықты беру туралы қаулыны Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жапында құрылған арнаулы комиссия шығарады, сөйтіп ол жыл сайын 10 августа баспа сөз бетінде жарияланады.

4. Мыналар Абайдың есімінен аталсын:

а) Қазақтың Мемлекеттік Академиялық опера және балет театры;

б) Семейдің облыстық қазақ музыкалы-драма театры;

в) Батыс Қазақстан облыстық музыкалы-драма театры;

г) Қарағандының Қарқаралы қаласын-

дағы педагогикалық училищесі;

д) Алматы облысының Қаскелең ауданындағы Қаскелең қазақ орта мектебі.

5. Абай атында мынадай стипендиялар тағайындалсын:

а) Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінде—әрқайсысы 400 сомнан екі стипендия;

б) Алматының Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтында—әрқайсысы 400 сом мөлшерінде екі стипендия;

в) Семейдің Абай атындағы педагогикалық училищесінде—әрқайсысы 300 сом мөлшерінде екі стипендия;

г) Қарқаралының Абай атындағы педагогикалық училищесінде—әрқайсысы 300 сомнан екі стипендия.

6. Абайдың мына ұрпақтарына дербес жәрдем тағайындалсын:

а) Абайдың немересі Ақылбаев Израйылға өмір бойына айына 500 сом;

б) Абайдың шөбересі Жағдарова Гәзәлге оқуын бітіргенге дейін айына 400 сом;

в) Абайдың немересі Жақыпова Уәсипаға өмір бойына айына 500 сом;

г) Абайдың немересі Оразбаева Ақияға (Ақын) өмір бойына 500 сом;

д) Абайдың ұлы Әубәкірдің жамағаты Оспанова Кәмәлиға өмір бойына айына 500 сом;

е) Абайдың келіні Ысқақова Бибиге өмір бойына айына 500 сом.

7. ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінен осы қаулының 5-пункті бекіту сұралсын.

ТАНДАУЛЫ ТАУ ШАҢҒЫШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЙЫНЫ

Дзавуджикауда еліміздің таңдаулы тау шаңғышыларының жыйыны болып өтті. Жыйыннан соң шаңғышылардың тау жотасынан түсу жөнінде жарысы болды. Жарыс Қазбек тауларының жотасында

үш километр қашықтыққа өткізілді. Спорт шебері Мауэр бұл қашықтықты екі минут 25 секундта жүріп, бірінші орын алды.

(ТАСС).

Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл толуын мерекелеу 15 августа, Қазақ ССР Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында, Республикалық мереке Комитетінің жер-жерден келген қонақтар және астана жұртшылығының өкілдері қатысқан салтанатты мәжілісімен басталды.

Салтанатты мәжілісті мереке Комитетінің председатели, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің Председатели Н. Оңдасынов жолдас ашты. Оңдасынов жолдас қысқаша сөз сөйлеп, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы Абайдың творчествосын, оның әлеумет қызметін—орыстың революцияшыл-демократтарының оңат идеяларымен тәрбиеленген ақыл-ой несінің қызметін баяндады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің үгіт-нәсихат жөніндегі секретарі М. Әбілқалыков жолдас «Абай—қазақ халқының ұлы ақыны және ақыл-ойшы көмеңгері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Әбілқалыков жолдас: Абайдың қазақ әдебиетінен алатын орны, оның творчествосына нәр берген негіздер жөнінде, Абайдың дүниеге көзқарасын жетілдіруде орыс әдебиеті мен орыстың революцияшыл-демократтарының қандай маңызы болғандығы туралы талдап айтты.

Баяндамашы орыс және Батыс Европа жазушыларының өлеңдері мен кара сөздерін аударушы Абайдың істеген қызметі, біздің заманымызда, совет халқы дүние жүзілік тарихи жеңістерге жеткен күндерде Абайдың маңызы жөнінде талдап тоқталды.

Бұдан кейін жазушылар, көркем өнер мен ғылым қайраткерлері бірінен соң бірі шығып сөз сөйледі.

Бірінші сөзді СССР совет жазушылары Одағы Басқармасының өкілі, Горький атындағы дүние жүзілік әдебиет институтының профессоры Кирпотин бастады. Ол өзінің сөзінде Абай Құнанбайұлының ақындық жолдарын мынадай келін, ұлы орыс халқы мен қазақ еңбекшілерінің ежелден тату-тәтті екендігін ақынның қаламынан шыққан еңбектерінен, мысалдармен дәлелдеді. Абай шығармалары со

СЕРГЕЙ ЛАЗОҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ

Владивосток қаласында халық батыры Қыйыр Шығыстағы партизан қозғалысының басшысы Сергей Лазоға ескерткіш орнатуға арналған салтанатты мәжіліс болып өтті. Ескерткіш ашу мәжілісіне

шығарған айтты. Ақын өмірін, оның лам қызметтерін толық зерттеудің қажет екендігін, бұл жөнінде әдебиет тарихы зерттеушілердің алдында зор міндет тұрғандығын атап көрсетті Кирпотин а

Бұдан кейін Өзбек ССР Ғылым Академиясының академигі, жазушы Гафур ләм сөз сөйледі. Ол өзбек тілінде сөйлеп: «Қазақ еңбекшілеріне өзбек халық сөлем—деп бастады ол сөзін.

Гафур Гулам өзінің сөзінде Абайдың данышпан ақын екендігін айтты. Абайдың таңдамалы өлеңдерінен үзінді келтірді. Сөзінің аяғында Гафур Гу. Абай шығармаларының өзбек тіліне аударылып, көп таралып жатқандығын дірді. Өзбек халқының Абай мерекесіне наған тартуы деп Абай өлеңдерінің өзек тіліндегі жыйнағын ұсынды. Мәжілісте лер өзбек халқының бұл тартуына ризалық білдіріп, қол шапалақтады.

ССРО Ғылым Академиясының Түркімен Филлялының ғылыми секретарі Кайров жолдас сөйлеп, ұлт әдебиетінің сол дәуірі түсында өркендей түскендігін айтты. Ол өзінің сөзінде түркмен көркем биетінің даму жолдарымен таныстырды. Түркмен еңбекшілерінің Абайды хұрметтейтіндігін білдірді.

Халық ақыны Нартайға сөз беріп: Ол сырнайға қосылып, опера театрын әулім залында шырқап ән салды. Халық ақындарының Абайдай терең ойлы ұлы ақынды хұрметтейтіндігінің белгісі деп ол Қызылорда кілемшілерінің тауып ұсынды.

Салтанатты мәжіліс көмеңгер көсемі Сталин жолдасқа зор ықыласпен құттықтау телеграмма қабылдады.

Мәжіліс соңынан үлкен концерт болды. Концертте астаналық ең таңдаулы артистері қатысты. Олар Абайдың әндерінен өлеңдерінен үзінділер айтып берді. Композитор Жұбановтың басқаруындағы ұлт оркестрінің Абай әндерін шеберлікпен орындағанын мәжілісегілер қызыға тыңдады.

(ҚазТАҒ).

СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Жақын арада КБ(б)П Мамлют аудандық комитеті колхоз, совхоз МТС бастауыш партия ұйымдарының секретарлары үшін бескүндік семинар өткізді. Семинарға қатысушыларға арнап, мол

етінді ырапсыз жыйнап алу, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және партия ұйымдарының міндеті жөнінде түр лекциялар оқылды.

3. МЫНБАЕВА

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс

Н жыйнау және мемлекетке астық тапсыру - жұмыстары алғашқы күндерден бастап қызу жүргізілсін!

400 гектар егін жыйнаймын

Әке дейін де, соғыс кезінде де қол қармасы мені егін жыйнау маусымы талғанда лобогрейкамен егін орудың лейтін еді. Мен егін оруды үнемі ала дайындалып қоямын. Қажетті жабдықтарды күні бұрын әзірлеп, та сақадай-сай дайындық жасай-

се егіні қалың өскен жерлерді оруды көремін. Бұл менің еңбегімдісі болуына толық жағдай жаса-

жылы 7 июль күні аудандық га-«Еңбек» колхозының колхозшысы ауытов жолдастың хаты жария. Ол өткен жылы бір лобогрейка 10 гектар егін жыйнаса, быйыл ктар егін жыйнауға міндеттенді. тов жолдастың бұл хатын мен қайта оқыдым. Сөйтіп одан қалыс бел байладым. Өткен жылы мен лобогрейкамен 317 гектар егін жый-быйыл 400 гектар егін жыйнамақ отырмын.

Екі комбайншының социалистік жарысы

т ауданындағы Сартмар МТСның ишылары республикамыздың ал-қатарлы комбайншыларының ша-ны ықыласпен қарсы алып, қақты-деттемелер қабылдаған болатын. ишылар алған міндеттемелерін аб-орындау үшін маңқырлықпен істеу үлгісін көрсетуде.

байншылар коммунист Елещенко Фонын жолдастардың әрқайсысы ликамыздың алдыңғы қатарлылар ыдыруып қыбылдай отырып, 26 күні ішінде 1200 гектар дәнді жыйнауға, мұнымен қатар, жанар н 15 процентін үнемдеуге серт бер і.

р қазір едерінің бұл серттерін іс е орындауға білек сыбана кірісті. и Елещенко жолдас бес жұмыс кү нде 290 гектар жердің егінін жый Ол социалистік жарыстың алғаш-

Колхоз басқармасы менің бұл ынтамды қолдай білді. Маған ауыстырып жету үшін 6 ат бөліп берді. Мен 5 августан бастап қара бидай оруды кірістім. Алғаш қы күндерде 7-8 гектардан егін орып жүрдім. Ал 9 август күні 11 гектар егін орып, еңбек өнімділігін бұдан төмендет-педім.

Мен быйыл 400 гектар егін оруды мін деттенсем, мұны толық орындаймын. Ло-богрейка ойдағыдай күтілгендіктен жұ-мысты қалтқысыз атқарамын. Мен тек ғана қара бидайдан 101 гектар егін ор-дым.

Біздің батыр Қызыл Армиямыз жапон самурайларын аяусыз талқандап жатқан кезде еңбек өнімділігін өсілеп аттыруды ұйғардым. Сөйтіп мен өз бригадамыздағы барлық лобогрейкашылардың республика мыздың 25 жылдығына лайықты тарту әзірлеуін қамтамасыз етпекпін.

Андрей СЕЕР.

Ленин ауданының Сталин атындағы колхозының лобогрейкашысы.

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

(Облыстық жер бөлімінің 17 августағы мәліметі бойынша)

ЕГІН ЖЫЙНАУ. 17 августқа дейін облыс колхоздарында 63105 гектар егін орылып, жоспар 16,6 процент орындалды. Соңғы бір күнде 3982 гектар егін орылды. Барлық орылған егіннің 17672 гектары комбайнмен жыйналып, 14982 гектары ғана маяға салынды.

Егін оруды жоспарын Полудень ауданының колхоздары 21,7, Петропавл ауданының колхоздары 20,6, Булаев, Конюхов және Соколов аудандарының колхоздары 18,2 проценттен орындады.

Егін оруды жұмысының барысында әсіресе Ленин, Совет, Приешім және Октябрь аудандарының колхоздары артта қалып қойды. Бұларда жоспардың орындалуы 13-16 проценттен аздап ғана артты. Ал Октябрь ауданының колхоздарында жоспардың 13,9 процент ғана орындалғандығына қарамастан, соңғы бір күнде бірде-бір гектар егін орылмады.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. 17 августқа дейін колхоздар 8735 гектар зябь жыртып жоспарды 4,9 процент орындады. 16 август күні облыс бойынша жыртылған жер мөлшері 413 гектар болды. Бұл күні Октябрь, Полудень және Преснов аудандарының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылмады.

Зябь жырту жоспары Конюхов ауданының колхоздарында 7,3, Булаев ауданының колхоздарында 6,9, Октябрь ауданының колхоздарында 6,6 және Полудень ауданының колхоздарында 6,4 процент орындалды. Ал, Преснов, Петропавл, Приешім және Совет аудандарының колхоздарында зябь жырту жөніндегі жоспардың орындалуы мүлде мардымсыз болып отыр.

ПІШЕН ШАБУ. Колхоздарда 242861 гектар жердің пішені шабылып, жоспар 65,6 процент орындалды. 16 август күні колхоздарда 2641 гектар жердің пішені шабылды. Бұл күні Октябрь ауданының колхоздарында бірде-бір гектар жердің пішені шабылмады.

Пішен шабу жоспарын Совет ауданының колхоздары 81,8, Преснов ауданының колхоздары 76,9, Ленин ауданының колхоздары 75,6 және Октябрь ауданының колхоздары 73,9 процент орындады. Бұл жұмыста бұрынғыша Соколов, Конюхов, Мамлют және Петропавл аудандарының колхоздары артта қалып отыр. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 50-60 проценттен аздап ғана асты.

ПІШЕН МАЙЛАУ. Колхоздарда 183777 гектар жерден 167024 тонна пішен маяға салынса, қалған 59084 гектар жерден шабылған 34749 тонна пішен өлі маяланбай жатыр. Шабылған пішенді маялауда бұрынғыша Булаев, Конюхов, Ленин, Преснов және Совет аудандары көшіргісіз артта қалып, бүкіл облысымызды кейін тартуда.

ПІШЕН ТАСУ. Облысымыздың социалистік егін даласында ауыл шаруашылығындағы ең қауырт кезек—егін жыйнау және ауыл шаруашылығының өнімдерін дайындау жұмыстары күн санап өріс ала түсуде. Бұл—колхозды-ауыл-селоның барлық күші осы жұмыстарға жұмылдырылуы керек деген сөз. Бірақ колхоздарда қыстауларға мал азығын тасу жұмысы баяу жүргізіліп, бұл жұмыстардағы күш-мүмкіншіліктер егін жыйнауға қосылмай келеді. 17 августқа дейін мал қыстауларына небары 48380 тонна ғана мал азығы тасылды. Қыстауларға мал азығын тасу жұмысын әсіресе Соколов, Полудень, Петропавл және Конюхов аудандарының колхоздары ойсыраған олқылыққа ұшыратып алды.

Комбайншылар еңбек өнімін арттыруда

Полудень ауданындағы Полудень машин бастап, қасқарайғанда тоқтатады. Оның

Орденді аналар

15-16 август күндері Ленин ауданының орталығында көп балалы аналарға СССР Одағының Ордендары мен медальдарын тапсыруға арналған салтанатты мәжіліс болып өтті. 46 анаға ордендер мен медальдар тапсырылды. II-дәрежелі «Ана даңқы» орденінің бірінші болып Петров сельсоветіндегі «Проводник» ауыл шаруашылық артелийінің колхозшысы 8 бала тауып, тәрбиелеп өсірген Ульяна Кузьминична Сидоркина алды.

Ленин ауданынан көп балалы 205 ана-ордендермен және медальдармен наградауға ұсынылды. Оның ішінде 5 ана хұрметті атақ—даңқты ана атағын алуға, 150 ана «Ана даңқы» орденімен және 50 ана «Ана медалі» медалімен наградалуға ұсынылды.

Ф. ПОТУДАНСКИЙ.

Армия қатарынан босатылғандар қамқорлыққа бөленуде

Приешім аудандық партия комитеті әскерден босатылған жасы үлкендерді қарсы алу жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде.

Әскерден босатылғандарды қарсы алу үшін аудан орталығынан арнаулы қонақ үй бөлініп, ол көсемдердің суреттерімен, ұрандармен және гүлдермен безелді. Қонақ үйдің жанынан шап таразы және асхана ашылды. Асхана азық-түлікпен жеткілікті мөлшерде жабдықталды. Сол сыңайы, майданнан келгендер үшін арнаулы дүкен ашылды. Мұнда қонақтарға қант, шай, май, сабын тағы басқа сол сыңайы азық-түлік және көпшілік қолды бұйымдар сатылады.

Әскерден босатылғандардың үй іштеріне көмек көрсету мақсатында аудандық атқару комитеті арнаулы қаулы қабылдады. Қазір майданшылардың үйлері жөнделіп, малы жоқтарға мал берілуде.

Аудан еңбекшілері әскерден босатылған жасы үлкендерді қуанышпен қарсы алуда.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Еңбек өнімі молаюда

Ефимов жолдастың басқаруындағы паровоз бөлімінің комсомол-мүшелері өз күштерімен 3 паровоз жөндеп шығарды. Жөндеу жұмысына машинашылар Конатов, Попов, Рахметов және олардың көмекшілері Алексеев, Петров жолдастар

К.Е. Ворошиловтың Будапештке қайтадан келуі

БУДАПЕШТ, 17 август. (ТАСС). Одақтастардың Венгриядағы Бақылау Комиссиясының Председателі Советтер Одағының Маршалы К. Е. Ворошилов және елші Кеңесші Т. Пушкин 14 августа Москвадан Будапештке қайтадан келді.

Генерал-майор Ченолттың мәлімдемесі

НЬЮ-ЙОРК, 16 август. (ТАСС). Нью-Йорк таймс газетінің хабары бойынша, Американың Кытайдағы армиясы соғыс-өзе күштерінің бұрынғы қолбасшысы генерал-майор Ченолт тілшімен әңгімелескенде, Советтер Одағының Жапонияға қарсы соғысқа кірісуінің Тынық мұхиттағы соғыстың аяқталуын тездеткен шешуші іс болғандығын мәлімдеді. Бұл іс атомдық бомбалар қолданылмаған күннің өзінде де осылай болған болар еді. Кызыл Армияның Жапонияға қауырт соққы беруі Жапонияның сөзсіз тізе бүгуін тездетуге көмектесті.

АКШтың мемлекеттік секретарінің орынбасары Грюдің орнынан түсуі

ЛОНДОН, 16 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша 16 августа Президент Трумэн АКШтың Мемлекеттік Секретарінің Орынбасары Грюдің орнынан түскендігін және оның орнына Ачесонның тағайындалғандығын мәлімдеді. Грю өзінің Президент Трумэнге жазған хатында «жауапкершіліктен құтылатын» уақыттың енді жеткендігін сөзіп отырмын деп мәлімдеді.

Ачесон Мемлекеттік Секретарьдің көмекшілерінің бірі болды және ол конгрестегі байланысты жүзеге асыру мәселелері мен шұғылданды.

Жапонияның жаңа үкметінің құрылуы

ЛОНДОН, 16 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Нью-Йорктегі тілшісінің жапон агенттігінің хабарына сүйене отырып берген хабары бойынша, Жапонияның жаңа Бас Министрі принц Хигасикуни өзінің кабинетін құруды аяқтады. Жаңа үкметтің қатарындағылардың теңіз министрлігінен басқасы жай азаматтар.

Жаңа кабинеттің қатарында Бас Министр және соғыс Министрі генерал Хигасикуни, сыртқы істер Министрі Мамо-ру Сигемуну, теңіз Министрі адмирал Мишумаса Ионай транспорт министрі Нао

рттар теңіз толқынындай жайқалып, ан қалың қара бидайдан бірнеше бас аулып алды да. «Иә, қара бидайды ора беруге болады» деді бірауыздан, шікілісте Шулығын жолдас басқарма мерімен ақылдасты. Олар да биы орта кірісу керек екендігін айт бұл кезде колхоз егін жыйнауға то өзір болатын. Барлық лобогрейкалар еліп, астық тазартатын машиналар іке келтірілген еді. Колхозға МТС комбайн да келген еді.

да егін жыйнаудың алғашқы күні оруға 6 лобогрейка шығарылды. шаруашылығындағы қауырт кезең лды. Лобогрейкашы Ушакова және ткина жолдастар күн сайын 4 гектарына, 4 жарым—5 гектар егін бастады.

жамаң істемейді. Семухин жолдастың ат ретатында біз колхоз есепшісін кездестірдік. Ол бізге комбайнмен жыйналған егін учаскесінің әрбір гектарынан 11 центнер өнім алынып жатқандығын хабарлады.

Колхоз қырманьында да еңбек майдапы қыза түсуде. Тазартылған астық дереу дайындау орындарына, немесе колхоз қоймасына жөнелтіледі. Аз күн ішінде 10 арбамен астық дайындау орнына 2000 пұт астық жеткізілді.

Қазір колхозда мемлекетке тапсырылған астықтың 15 проценті есебінен колхозшылардың еңбек күндеріне астық беріліп жатыр. Алғашқы астық тікелей егін жыйнау жұмысында істеп жүрген колхозшыларға беріледі.

М. ХОЛИН.

жарыста алған міндеттемелерін орындай отырып, тынбай жұмыс істеуде. Семенов жолдас алғашқы үш күнде 27 гектар орнына 66 гектар қара бидай жыйнады, ал 15 август күні 28 гектар егін жыйнап, жұмыстың сапалы болуына жетісті. Семенов жолдас жұмысты таңсәріден

руып қызу қолдап, быйы 500 гектар егін жыйнауға міндеттенген болатын.

Қазір Петров жолдас еңбек өнімін күн санап арттыруда.

И. РЫБАКОВ,

Полудень аудандық партия комитетінің секретарі.

1000 пұт астық тапсырды

Интернационал машина-трактор станциясының (Мамлют ауданы) комбайншысы Иван Летковский жолдас комбайншылардың егін жыйнау кезіндегі Бүкілелестік социалистік жарысына қосылып, алған міндеттемесін аброймен орындау жолына қажырлы күш жұмсауда. Ол күн делік тапсырманы үнемі артық орындайды. Летковский жолдас «Сталинец» ком

байнымен 5 күнде 45 гектар орнына 110 гектар егін жыйнады.

Летковский жолдас жұмыс істейтін «Путь Октября» колхозы Воскресенскі селолық советіне қарасты колхоздардың ішінде бірінші болып, мемлекетке астық тапсыру жұмысына кірісті. Колхоз қазірдің өзінде мемлекетке 1000 пұт астық тапсырды.

Р. СҰЛТАНОВ.

елесарылар Захаров, Ницоласев жолдастар электр қуатын күшейту үшін күш жұмсады. Сөйтіп электр қуатын 20 процент арттырды.

Әбзел пехында жұмыс істеуші комсомол мүшелері мен жастар Қазақстанның 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарыста алда болу үшін, барлық мүмкіншілікті пайдаланып, еңбек өнімін күн сайын арттыра түсуде. Слесарь Борисов электр түтігін 8 сағатта жөндеу орнына 4 сағатта жөндеу шығарды. Слесарь Солдатов жолдас 4 электр түтігін жөндеді.

Мереке атындағы социалистік жарыста Власов жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар сменасы тамаша еңбек үлгісін көрсетті.

Е. ИМАНБАЕВ.

заң ісінің Директоры Наскай Мурсе бар. Жаңа үкметтің қатарында «Ұлы Шығыс Азия істері жөніндегі» Министрдің қызметі сақталды. Бұл қызметті қосымша жұмыс ретінде Сингмиду атқарады.

Арцишевский тобырының агенттері Польшаның Ирандағы Миссиясының мүліктерін сатуда

ТЕГЕРАН, 16 август. (ТАСС). «Ферман» газетінің хабары бойынша Польшаның бұрынғы қашқын үкметінің өкілдері Тегеранда Польша миссиясының мүлкін сатуда. Сол сияқты, олар елдеріне қайтқысы келген поляктарға кедергі жасауда және мұндай адамдарды Палестинаға және басқа елдерге жер аударуда.

Емледегі кейбір кемшіліктер туралы

зақ халқының жазуы орыс графика негізделген жаңа алфавитке көшу байланысты 1940 жылы қазақ тілі емесіне де бір қатар өзгерістер еніп, ұрылғысынан көп өзгерілген бола Ол өзгерістер қазақ тілінің жазу таңбалары аса елеулі, тіл мәдениетіміз ығта қаларлықтай табыстарымыздың болды. Орыс графикасына негіздел жаңа алфавитке көшу өте орынды, халқымыз саяси, мәдени тілегіне болғандығын өткен 5 жылдық тәжіри айқын көрсетіп отыр. Жаңа алфавитке көшкеннен кейін оқу, жазу жұмысы елеуір оңайланды, жаңа алфавитке көшкілік аз уақыттың ішінде үйренілді, мектептерде оқушыларды оқуға тез дағдыландырып, сауатты қазақ мектептерінде орыс тілін, жазуын үйретуге көп жеңілдік ту

ымен қатар, жаңа алфавитке көшу ында жасалған жазу ережелерінде (емдегі) кемшіліктер де байқала баста. Сол кемшіліктердің салдарынан көп рдің жазылуы әлі бір ізге түсе ал бірде олай, бірде бұлай жазылып кетіміз. Әр жерде-ақ газеттердің, кірдің беті емле қателерінен арыл селеді деп баспасөз қызметкерлері гап жүр. Шынында бұл қатенің көбі сөз қызметкерлерінен болатын қате кемшілік қолданып жүрген емле мерінің кемшілігінен шығатын қате, тіл мамандарының ойланбағандығы болатын қателер. Олар пәлендей емес, аз, бірақ елеулі кемшіліктер. Емдегі басты кемшіліктің бірі—«ы», әріптерінің қатарласып жазылуында.

Емле ережесі бойынша көптеген сөздердің жазылуы үлгісі былай болады:

Сыйдан, сыйысу, қыйқылып, сыйқыр, сыйыр, тыржыйып, жыйна, жыйлыс, шаақылып, қыйқым, жыйырма ақшыйып, сыйлау, быйыл, қыйқылып.

Осы «ый»ларды бір әріппен оңай жазуға болмас па екен? деген сұрақтар көбейе бастады. Болады. Ол үшін шеттен әріп іздемей-ақ алфавитте бар «и» әріпін жұмсауға болады. Бұрынғы «йй»дің орнына «тінімді» дегенді «тиімді» деп, «тіністі» дегенді «тиісті» деп оңай жазып жүрміз ғой. Сол сияқты «жыйылыс» «қыйқылып» дегенді «жиылыс», «қиқылып» деп неге жазбаймыз? сонда жазу әрі ықшамды, әрі оңай болмай ма, бір сөздің ішінде екі емес, бір әріпті үнемдеп жазудың өзі үлкен табыс емес пе? Бірақ, кейбіреулерге бұл тосын сыяқты. Өйткені, олар мынадай себептер айтады:

1. «И» орыс жазуында жіңішке дыбыстың таңбасы, қазақшада да сол жіңішке мағнасында жұмсайық деген оймен билін, ниім, сирек сыяқты жіңішке сөзде жазылатын болған. Сөйте тұрып сөз басында «ый»дың жазылуы өрескел болатындықтан, оның орнына «и» жазылатын болған (мысалы: иық, Иса т. б.). Сөйтіп «и» қазақ тілінің осы күнгі емлесі де у әріпін сыяқты әрі жуан, әрі жіңішке дыбыстардың таңбасы болып жүр.

2. Қазақ тілінде «тый» деп (тілінді тый) жуан айтылып бірмағнада, жіңішке айтылғанда (балаға тые), екінші мағнада жұмсалатын екі-үш сөз бар. Сол сөздерді бірін бірінен айыру оңай болсын деген мақсатпен тый—ти, сый—си болып жазылып, сол ізбен басқа жуан буындардағы «ый»лар да солай қосар

ланып жазылатын болған. Сонда аз қолданылатын екі сөз үшін жүздеген сөздің жазылуын қиындатқанымыз болады.

3. Сөздерді буынға дұрыс бөлу үшін шы—йы—лыс сыяқты м—й қатарынан жазылғаны дұрыс. Бірақ оның оқуға, жазуға қатысы жоқ. «Киім», «тиісті» дегеннің буынға дұрыс бөлінуі кі—йім, ті—йіс—ті болу керек еді, оны осы күні ки—ім, Ти—іс—ті деп бөлгеннен оқыту үшін де, жазу үшін де пәлендей шәкестігі байқалмайды, сол сыяқты «жыйылыс», «қыйқылып» дегендердің буын белгісі жи—ыл—ыс, қи—сық болуында да пәлендей өрескел ештеңе жоқ.

Жоғарғы себептер, жазу тәжірибеміз жоқ кезінде құлаққа асқанмен, оларды сыныға салған жазу тәжірибеміздің 5 жылдық өмірінен кейін оған қайта құлақ қойудың қажеті жоқ сыяқты. «Сый», «Тый» деген екі сөзден басқа сөздердің бәрін де бұрын «ый» жазылатын жерге «и» жазу керек деген ұсыныс енгізбек піз. Сонда «и» сөздің жуан, жіңішкелігіне қарай, қасындағы басқа дыбыстарға қарай жуан, жіңішке болып айтыла беріледі. Онда ешқандай қиыншылық жоқ. Мысалы: сипа, қиын, жинал, жынылыс қиым, қалқиды, оқиды сыяқтылар.

Емледегі әбден шатасқан мәселенің бірі—біріккен сөздердің емлесі.

Біріккен сөздердің емлесі 1940 жылы жасалған емле ережелерінде де, 1941 жылғы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» де дұрыс шешілмеген, оларда бұл туралы табан тірейтін айқын ереже жоқ. Ереже бойынша «бір заттың аты болатын бір мағна білдіретін сөздер бірігіп жазылады». Емле сөздігін жасаушылар ол ережені өзінше түсі

ніп, тіпті одан шығып та кетіп, грамматикада біріккен сөз деп танылмайтын сөз шумағын да біріктіріп жаза беріпті. Мысалы: ауа жайылу, бел байлау, бас қосу, бас қатыру, көз тартарлық, жер өңдеу, жаяу барасын, жер қайысқан сыяқты сөздер қосылып жазылуға тиісті біріккен сөздер емес, көбі идиом сөздер. Сөздікте оларды біріктіріп жазуға үйреткен соң, оған неқ артқан мұғалімдер, оқушылар, әдебиет қызметкерлерінің бір қатары сол сыяқты: «тіх алмады», «көз құрып салмады», «қол алысу», «көле жатыр» деген сыяқты сөз шумақтарын да кейде біріктіріп жазып, кейде бөлек жазып әуре-сарсан болады.

Емле жайындағы ресми құралдың жайы осылай болған соң, сөзді қате жазған біреуге олай жазба, былай жаз деу қиын осылай болған соң, сөзді қате жазған газет қызметкерлері біріккен сөздердің жазылуы туралы емле ережесінен де, емле сөздігінен де тынақты жоба таппай, теріс жазып шатасқан соң, оларды жылыстырып қойып, әркім өзінше жаза бастады.

Емледегі біріккен сөздердің ережесіне де аздаған өзгеріс енгізу керек.

Біріккен сөз дегеніміз екі сөздің қо сымдысы. Екі санды біріне бірін қосса, үшінші сан болатыны тәрізді, екі сөзді біріне бірін қосып, біріктіріп, айтқанда да үшінші мағна беру керек. Сонда ғана ол біріккен сөз деп аталады. Ол біріккен сөздің ішіндегі жеке сөздердің екеуінің, не біреуінің бұрынғы мағнасы жойылып «құры сүлдесі» қалған болады. Мысалы: жарғанат, қолғап, тасбақа, тасағаш, бірқатар, қолғабыс, шекара, демалыс, ақ көңіл, әркім, есерсоқ, алаңғасар, Аяғез, Торайғыров. Бұл сөздерді жар—қанат, қол—қап деген сыяқты етіп бірінен бірін айыруға болар, бірақ олай ету біреудің

ішкі сырын білемін деп ішек-қарын ақтарғанмен бірдей.

Жоғарғы біріккен сөздердің әрқайсысы екі-екі сөзден құралғанмен бір ұғым беріп тұр деп таныймыз. Ал, бір ұғым білдіретін екі, үш, кейде одан да көп сөздің шумағы біріккен сөз болып есептеліп, бірігіп жазылмайды, бөлек жазылады: аяқ киім, бас киім, темір жол, ағаш күрек, ат қора, омырау қалта, жан қалта, боз қырау, қара қарға, мал қора, шет ел, жалапаяқ, қол орақ, он екі, оның бұл сыяқты екі сөзді бір ұғым береді деп таласуға болар, бірақ, олар біріккен сөздер емес, сөздің өзіне тән лексикалық мағнасы бар, оларды бірін бірінен айырып, алдыңғы сөздерге қандай—деген сұрау қойып соңғы сөзбен байланыстырып айтуға болады. Қырғый қабақ, дем ара сында тіл алмас, көз салмады, құлақ қоймайды, бір ауыздан деген сыяқты бір мағна білдіретін идиом сөздерді де біріккен сөз деп танып біріктіріп жазбау керек.

Сөйтіп, біріккен сөздің бір белгісі «бір мағна» білдіру деп танып, қазақтың екі сөзін орысша бір сөзбен айтуға болатын жердің бәрінде оларды біріктіріп жазбау керек, сөздердің біріккен, не бірікпегенін айыру үшін жоғарғы біз айтқан белгілерге қарау керек. Әрине, ол жоба жұрттың бәріне бірдей түсінікті, оңай ереже бола алмас. Біріккен сөзді кім болса сол оңай айыра алмайды. Ондай жазылуы қиын сөздер емле сөздігінде дұрыс көрсетілуі керек.

Біріккен сөздердің көпшілігі жер-су аттары мен кісі аттары. Солардың және жалпы есім ретінде жұмсалатын біріккен сөздердің екі сөзден біріккендік белгісі олардың ішкі дыбысталуы—айтылуы аясында. Екі сөз бірігіп жаңа сөз болғанда, ол сөздердің дыбыс құрылысы бұрынғы

қалпында қалып жұмсала бермейді, жалпы дыбыс заңына лайық кейбір дыбыстары өзгертіліп айтылады: қолғап, жарғанат, Сатыбалды, Аяғез, Қараспан, Қандағаш. Емле ережесі бойынша және емле сөздігі бойынша ондай біріккен сөздердің бұрынғы тұлғасы сақталып былай жазылған: қолқап, жарқанат, Сатыбалды (кісі аты), Аякоз, Қараспан, Қандыағаш. Олай жазу шынайы ұнамсыз екенін аңғарған көпшілік осы күнде өз бетімен «қолғап», «Амангелді», «Ботағоз», «Аяғез» деп Сатыбалдыевтер мені «Сатыбалған» өтірік деп, Торайғыровтар «Торайғыров» деп көңіліне ауыр алатындай болды. Біріккен сөздің ішіндегі жеке дыбыстардың қазақ тілінің дыбыс заңына лайық өзгертіліп айтылуы екі сөздің өзара жымдасып, жаңа сапалы сөз болуының амалы емес пе? Оларды солай айтылуына жазбай, түбірін құдалап жаздырамыз дегендегі мақсат не?

Ендігі жерде емледегі бұл бағытты да қалай болса солай өз бетімен жіберуге болмайды. Оны да бір ізге салу керек. Ол үшін «біріккен сөздердің бастапқы түбірі сақталып жазылады» деген ережені де өзгертіп біріккен сөздердің айтылуына ыңғайлап, өзімізге айқын дыбыс заңына сүйенетіндей ереже алу керек. Ол қиын емес. Емледегі бұл екі мәселе ресми түрде шешілуі керек. Олардан басқа бір сөздің жарыя—жария—жария; қайтып—қайтып сыяқты түрліше жазылуы емле сөздігі арқылы бір ізге салмасақ, олардың бәрін ережеге сыйдыру қиын.

М. БАЛАҚАЕВ,

Филология ғылымының кандидаты. («Социалистік Қазақстан» газетінен)

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.